

Жарсай негізгі мектебі



«МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК» еріктілер клубы

КЛУБ ЖЕТЕКШІСІ: Жапғалиева Г.О.



БҰЙЫРЫҚ № 30

« 5 » 07 2020 жыл

ПРИКАЗ № 30


« 5 » 07 2020 года

Волонтерлік клуб құру туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2020 жылғы 20 қазандағы №2-4598 қатынас хаты мен Қобда аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 20 қазандағы №1868 қатынас хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл «Волонтер жылы» болып жарияланып, «Birgemiz» жалпы ұлттық жобасы іске асырылғаны белгілі. Аталған жоба «Волонтер жылы» ғана іске асырылған нақандық қызмет, сонымен қатар ағымдағы жылы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, саладағы өзекті мәселелердің шешімін табуды мақсат ететін жобалар мен көрсеткіштер көзделді. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде де волонтерлік қызметтің рөлін арттыру және дамытуға бағытталған кешенді шаралар жоспарланып отыр. Атап айтқанда білім беру ұйымдарында «Қоғамға қызмет» волонтерлік жобасы бойынша волонтерлер клубын құру, волонтерлік өңірлік слеттерін өткізу қарастырылған.
2. Жоғарыда баяндалғанның негізінде Жарсай негізгі мектебі бойынша «Мейірімді жүрек» волонтерлік клубы құрылсын, волонтерлік клубының жетекшісі болып, аға тәлімгер Ы.Қ.Тлеміс тағайындалсын.
3. «Мейірімді жүрек» волонтерлік клубының жұмыс жоспарын құру аға тәлімгер Ы.Қ.Тлеміске жүктелсін.
4. «Мейірімді жүрек» волонтерлік клубының жылдық жұмыс жоспары мен қатысушылар тізімі жасақталып, жұмыстар жүргізу жандандырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Жанғалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  А.С.Абдрахманова



Жарсай негізгі мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылындағы
 «Қосалға қызмет» еріктілер қоғамының жүзеге асыру мақсатында құрылған
 «Мейірімді жүрек» еріктілер клубының мүшелерінің тізімі

№	Аты-жөні	Оқитын класы, лауазымы	Жетекшісі
1	Аргумбаев Нұрлыбек Нұрланұлы	9 сынып	Жанғалиева Гауһар Оразалықызы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары +7776 766 63 36
2	Торкот Валерия Владимировна	9 сынып	
3	Биксариева Диляра Исаевна	8 сынып	
4	Жір Даниил Витальевич	7 сынып	
5	Жумагулова Рустам Қуанышұлы	8 сынып	
6	Махан Нұршат Жақсыбайқызы	Математика пәнінің мұғалімі	
7	Тлеміс Ырысгул Қарасайқызы	Бастауыш класс мұғалімі	
8	Сагидолла Султан Сагидуллаевич	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	
9	Тлеміс Серік Нұрланұлы	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	
10	Есентюк Алексей Геннадьевич	Математика пәнінің мұғалімі	

Мектеп директоры:



А.С.Абдрахманова


Жарсай негізгі мектебі бойынша
«Мейірімді жүрек» еріктілер клубының мүшелері

№	Оқушының аты - жөні	Оқитын класы	Клуб жетекшісі
1	Аргумбаев Нұрлыбек	8 класс оқушысы	Тлеміс Ырыскул Қарасайқызы, аға тәлімгер +77774248121
2	Горкот Валерия	8 класс оқушысы	
3	Глушко Артем	9 класс оқушысы	
4	Бостан Диас	9 класс оқушысы	
5	Аманкелді Бекет	9 класс оқушысы	
6	Тлеміс Серік Нұрланұлы	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	
7	Есентюк Алексей Геннадьевич	Математика пәнінің мұғалімі	
8	Әділхан Жазира	Физика пәнінің мұғалімі	
9	Сабитова Эльвира Берикбаевна	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі	
10	Сагидолла Султан Сагидуллаевич	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	

Мектеп директоры:



А.С.Абдрахманова

«Бекітемін»
 Мектеп директоры:

 А.С. Абдрахманова

Жарсаңи негізгі мектебі бойынша
 «Қоғамға қызмет» волонтерлар қозғалысын жүзеге асыру жөніндегі
 2021 жылға арналған мектепшілік «Мейірімді жүрек» клубының іс-шаралар
жоспары

№	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Қоғамға қызмет» волонтерлар клубтарын құру	қаңтар	Іс-шаралар жоспарын дайындау	Тәрбие ісінің орынбасары
2	«Қоғамға қызмет» волонтерлар клубының бұрышын дайындау	қаңтар	Бұрыш дайындау	Клуб жетекшісі
3	«Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 қайырымдылық іс» акциясы	жыл бойы	Акция	Клуб мүшелері
4	«Ардагерлерді ардақтайық» акциясы жалғыз басты қарттарға көмек көрсету	қаңтар	Әлеуметтік парақшаларда ақпарат беру	Клуб мүшелері
5	«Ізгілік тілесең ізгі бол» мүмкіндігі шектеулі адамдардың үйіне барып, қызығушылықтарын білу, көмек көрсету	ақпан	Әлеуметтік парақшаларда ақпарат беру	Клуб мүшелері
6	«Бақыттың мәні – мейірімділік» аз қамтылған, көп балалы отбасыларға бауырсақ, тәттілер тарату, жарапазан айту	наурыз	Әлеуметтік парақшаларда ақпарат беру	Клуб мүшелері
7	«Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла» ұстаздарға құрмет көрсету	наурыз	акция	Клуб мүшелері
8	«Тазалық бүгіннен басталады» еріктілердің көмегімен көшелерге шығып, жадынамалар тарату, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру	сәуір	акция	Клуб мүшелері
9	«Цифрлы Қазақстан» компьютер мобилді құрылғыларды үйренгісі келетін жандарға үйрету	жыл бойы	акция	Клуб мүшелері
10	«Кітапхана сізде қонақта» қарт адамдарға жылжымалы кітапхана жұмысын ұйымдастыру, оқитын кітаптарын апарып беру	сәуір	акция	Клуб мүшелері
11	«Birgemiz: Taza Alem» акциясы (Қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.)	сәуір	акция	Клуб мүшелері
12	«Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу күні» экологиялық акция	сәуір	экологиялық акция	Клуб мүшелері
13	«Birgemiz: Asul mirga» акциясы (тарихи- мәдени мұра объектілерін сақтау, әскеурсия)	мамыр	әскеурсия	Клуб мүшелері
14	«Birgemiz: Qamgor» акциясы	мамыр	акция	Клуб мүшелері

	(қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек)			
15	«Мейірімділік ошағы» акциясы (күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету)	маусым	акция	Клуб мүшелері
16	«Біз сіздермен біргеміз!» қайырымдылық концерті	маусым	концерт	Клуб мүшелері

Тәрбие ісінің орынбасары:

Г.О.Жанғалиева

Жарсай негізгі мектебі бойынша «Қоғамға қызмет» еріктілер жобасы аясында атқарылған жұмыстар туралы
АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы президенті Қ.Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл «Волеңтер жылы» болып жарияланып, «Birgemiz» жалпы ұлттық жобасы іске асырылғаны белгілі. Осы орайда мектебімізде «Мейірімді жүрек» еріктілер клубы құрылды. **Клубтың мақсаты** – халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне, гуманитарлық қолдау көрсету барысында жастардың саяси-әлеуметтік мәдениетін және ерікті азаматтық белсенді ұстанымын қалыптастыру. Клуб құрамына мектебіміздің жас ұстаздары мен 8-9 класс оқушылары мүшелік етті. Халықаралақ қарттар күні мерекесі қарсаңында **«Ардагерлерді ардақтайық!»** акциясына «Жас ұлан» балалар ұйымының мүшелері де қатысып, жалғыз басты зейнеткерлердің үйіне барып, аула тазалау, қоқыстарын шығару жұмыстарына көмек көрсетті. «Қазақстан балалары-күзгі интерактив!» күзгі каникул кезіндегі балалардың демалысын бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында ауылымыздағы көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын беріп, жалғыз басты қарттарға көмек көрсетті. Отын жинау, аула тазалау, дүкеннен азық-түлік әкелісу т.б. жұмыстарына қол ұшын созу үшін **«Асар» челленджіне** қатысты. **Жаңа жыл мерекесі** қарсаңында мектебіміздің озат, дарынды оқушыларына қолдау көрсету мақсатында ауылымыздағы «Алтын дала» ШҚ басшысы Әлитурлиев Сәндібай Әміржанұлы, «Жібек жолы» ШҚ басшысы Уксумбаев Аслан Угазович 17 оқушыға демеушілік көрсетіп, жаңа жылдық сыйлықтар алып берді. Жеке кәсіпкер Едлова Бижамал 2 оқушыға демекшілік көрсетіп, мерекелік сыйлық тарту етті. (25000 теңге) Әлеуметтік қолдауға мұқтаж аз қамтылған және көп балалы отбасыларында тәрбиеленіп отырған балаларға қысқы қолғаптар кұлы – (19000 теңгеге) ауылымыздың кең жүректі азаматтары «Алтын дала», «Сая» ШҚ басшылары Әлитурлиев Ораз, Байгельдинов Тимур, «Досай» ШҚ басшылары, мектебіміздің түлектері Аргумбаев Берік, Аргумбаев Нұрлан ағайлардың

қолдауымен көп балалы жалғыз басты ана Кадыльчина Гүлшаттың 2 баласына қысқы аяқ киімдер (құны 15000 теңге) алынды. Клуб ұжымы тарапынан 10000 теңгеге азық-түлік берілсе, Уяйсова Нұрбибінің балаларына «Балапан» бөбекжай бақшасының демеушілігімен 5000 теңгеге кеңсе тауарлары сыйға берілді. Аталған шараға 50000 теңгеге балалар үшін көмек көрсетілді. Сонымен қатар «**Мейірім сыйла!**» шарасы наурыз айында өткізіліп көп балалы, аз қамтылған отбасының балалары үшін шығармашылыққа таптырмас түрлі түсті қарындаштар жиынтығы құны (35000 теңгеге) мектеп түлектерінің демеушілігімен алынып берілді. 17 наурыз- Еріктілердің қатысуымен игі істер күні аясында мектеп еріктілері ардагер ұстаздар Компониец Владимир Николаевич пен Компониец Татьяна Алексеевнаның үйіне барып «**Наурыз дастархан**» сыйға тартты. Сонымен қатар жалғыз басты ана, күнкөріс деңгейі төмен Райымбаева Гауһардың отбасына да «Наурыз дастархан» тарту етілді. «Қайырымдылық істер марафоны» жобасы аясында мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерінің қатысуымен «Қоғамға қызмет» еріктілер қозғалысы аясында Қасиетті Рамазан айында ауыз бекіткен жандарға ауыз ашар таратылды. (құны-6000 теңге) 1-маусым Балаларды қорғау күні мерекесінде көп балалы Уяйсовтар отбасының балаларына жемістер мен тәттілер салынған сыйлықтар тарту етілді.


Тәрбие ісінің орынбасары: *Жангалиева* - Г.О.Жангалиева



















Мейірімді жібек

